

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы"

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 тамыздағы № 702 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы»

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ «**

**Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мэртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 23, 410-құжат; 2006 ж., № 23, 136-құжат; 2008 ж., № 20, 77-құжат; 2010 ж., № 24, 147-құжат; 2012 ж., № 5, 38-құжат; 2014 ж., № 16, 89-құжат; № 21, 119-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейтін «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотының арнайы мэртебесі бар.»;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы бапта көзделген талаптар «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотына қолданылмайды.»;

3) 9-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қажет болған кезде судьяның міндеттін атқару Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен судьялауазымында болудың шекті жасына жетпеген отставкадағы судьяларға жүктеледі.»;

4) 16-баптың 1-тармағының 9-1) тармақшасы алып тасталсын;

5) 16-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«1-1) тәртіптік теріс қылық жасаған судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау  
туралы материалды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау  
қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;»;

6 ) 1 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жоғарғы Сот жергілікті және басқа соттардың қарауына жатқызылған  
азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады,  
оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және сот  
практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді.»;

2-тармақтың 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) Жоғары Сот Кеңесімен келісім бойынша жергілікті және басқа да соттардың  
төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың судьялары мен сот  
алқаларының төрағалары лауазымдарына кадр резервін (бұдан әрі – кадр резерві)  
жасақтаайды ; » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кадр резервін жасақтау және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібін Жоғарғы  
Сот Төрағасының ұсынымы бойынша Жоғарғы Сот Кеңесі бекітеді.»;

7) 18-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Жоғарғы Соттың жанында жұмыс істеп жүрген судьялардың біліктілігін  
арттыруды және мамандандырылған магистратурада оқытууды жүзеге асыратын Сот  
төрелігі академиясы жұмыс істейді.»;

8 ) 2 0 - б а п т а :

1-тармақтың 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1) занда көзделген негіздер бойынша сот актілерін қайта қарау туралы ұсыным  
енгізеді ; » ;

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) облыстық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағалары, Жоғарғы  
Соттың сот алқаларының төрағалары лауазымының бос орындарына кандидатураларды  
балама негізде Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына енгізеді.»;

3 ) тармақша алып тасталсын ;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Кеңесіне  
облыстық соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың  
сот алқаларының төрағалары лауазымдарына кандидатураларды баламалы негізде  
ұсынады ; » ;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) сот төрелігін жүргізу үшін судья лауазымында болудың шекті жасына

жетпеген отставкадағы судьяларды тартады;»;

9) 22-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сот практикасы мәселелері бойынша нормативтік қаулылар қабылдайды, түсіндірмелер береді және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Нормативтік қаулылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысында Жоғарғы Сот судьялары санының білікті көпшілік даусымен және Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санының кемінде төрттен үшінің кворумы болған кезде қабылданады;»;

7-1) тармақша алғып тасталсын;

10) 22-1-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) тәртіптік теріс қылық жасаған судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы материалды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды және талқылау қорытындылары бойынша тиісті шешім шығарады;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жоғарғы Соттың жалпы отырысы тәралқасының құрамы он мүшеден – Жоғарғы Соттың Төрағасынан және сот алқаларының төрағаларынан, Судьялар одағының төрағасынан, Судья әдебі жөніндегі комиссияның төрағасынан, Сот жюриінің төрағасынан, Кадр резерві жөніндегі республикалық комиссияның төрағасынан, сондай-ақ Жоғарғы Соттың жалпы отырысы екі жыл мерзімге жіберетін екі судьядан тұраады.»;

11) 28-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Судьялар судья жұмысында жиырма бес жылдан астам өтілі бар судьяларды қоспағанда, әр бес жыл сайын Сот жюриінде кәсіби қызметін бағалаудан өтеді.»;

12) 29 және 30-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«29-бап. Судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар

1. Аудандық соттың судьясы болып:

1) отыз жасқа толған;

2) жоғары заң білімі, мінсіз беделі және заң мамандығы бойынша сот ісін жүргізуге тікелей қатысы бар (сот отырыстарының хатшылары, судьялар консультанттары (көмекшілері), сот процесіне қатысатын прокурорлар мен адвокаттар, төрешілер) кемінде бес жыл өтілі бар;

3) судья практикасынан нақты жағдайларды модельдейтін практикалық тапсырмалардан тұратын біліктілік емтиханын тапсырған (мамандандырылған магистратурада оқуды бітірген және онда біліктілік емтиханын тапсырған адам оқуы аяқталған күннен бастап төрт жыл бойы емтихан тапсырудан босатылады);

4) медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған;

5) сотта негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, ақы төленетін бір жылдық

тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған ( мамандандырылған магистратурада оқуды бітірген және онда біліктілік емтиханын тапсырған адам оқуы аяқталған күннен бастап төрт жыл бойы тағылымдамадан өтуден босатылады) ;

6) психологиялық тестілеуден және полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін, заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар және тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысын және жоғары тұрған соттың бір судьясының немесе отставқадағы бір судьяның немесе судья болып табылмайтын бір адамның жазбаша нысандағы кепілдемесін алған азамат облыстық соттың судьясы бола алады .

Кепілдеме берілгенге дейін екі жыл ішінде тәртіптік жазаға тартылған судья кепілдеме бере алмайды .

Судья кепілдеме берген кезде объективті болуға, өзіне белгілі дұрыс деректерді басшылыққа алуға міндетті. Кепілдеме берген кезде судья белгіленген өлшемшартарды ескереді :

1) судьяның кепілдеме берілетін адаммен таныс болған кезеңі, сондай-ақ танысу мән - жайлары ;

2) кепілдік беріп отырған адаммен бірлесіп жұмыс істеу тәжірибесі;

3) кепілдеме берілетін адамның кәсіби және коммуникативтік, жеке және іскерлік касиеттері туралы судьяға белгілі мәліметтер;

4) судьяға анық белгілі өзге де мәліметтер мен деректер.

Судья болып табылмайтын, кепілдеме берілетін адамдар зангерлердің кәсіби қауымдастықтарында тұруға тиіс .

Судья болып табылмайтын адам кепілдеме берген кезде осы тармақта белгіленген өлшемшарттар ескеріледі .

Жұмыс істеп жүрген судьялар үшін тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысы талап етілмейді .

Тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысына Жоғарғы Соттың жалпы отырысына шағым жасалуы мүмкін.

Тиісті облыстық соттың немесе Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын кандидат Жоғары Сот Кеңесіне ұсынады.

3. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін, заң мамандығы бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілі бар, оның ішінде кемінде бес жыл облыстық сот судьясы жұмыс өтілі болатын он жыл судьялық жұмыс өтілі бар, Жоғарғы Соттың жалпы отырысының оң қорытындысын және жоғары тұрған соттың бір судьясының және/немесе орнынан түскен бір судьяның және судья болып табылмайтын бір адамның жазбаша кепілдемесін алған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады.

4. Судьялыққа кандидаттар тұрақты негізде сотта негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, ақысы төленетін бір жылдық тағылымдамадан өтеді. Судьялыққа кандидаттың тағылымдамадан өту шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережеде айқындалады.

30-бап. Соттың судьясы, төрағасы, сот алқасының төрағасы лауазымына кандидаттарды іріктеу

1. Судья қызметіне кандидаттарға тегіне, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, қай насліге және үлтқа жататынына, жынысына, саяси көзқарасына, діни нанымына және өзге де мән-жайларға қарамастан қызметке орналасуға тең құқық қамтамасыз етіледі.

2. Аудандық соттың төрағасы және судьялары, облыстық соттың судьялары және Жоғарғы Соттың судьялары қызметінің бос орындарына кандидаттар іріктеуді Жоғары Сот Кеңесі бос орынға орналасуға өтініш берген және осы Конституциялық заңының 29-бабының талаптарына сай келетін адамдар арасынан конкурстық негізде жүзеге асырады.

3. Облыстық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Төрағасы енгізген ұсыну бойынша Жоғары Сот Кеңесі баламалы негізде қарайды.

4. Аудандық сот төрағасының бос лауазымдарына кандидатуралар жұмыс істеп жүрген судьялардың немесе судья лауазымында кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар адамдардың арасынан ұсынылады.

Облыстық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатуралар жұмыс істеп жүрген судьялардың немесе судья лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі бар адамдардың арасынан ұсынылады.

Бұл ретте аудандық сот төрағасының, облыстық соттардың төрағалары мен сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Сот судьяларының және сот алқалары төрағаларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу кезінде кадр резервінде тұрған адамдарға басымдық беріледі.

Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы лауазымына кандидат Жоғарғы Сот судьяларының арасынан ұсынылады.

Жоғарғы Сот Кеңесі жергілікті және басқа да соттар төрағаларының, сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидаттарды лауазымға тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды.

Жоғарғы Соттың Төрағасы лауазымына кандидатураны Жоғарғы Сот Кеңесі қарайды.

Жоғарғы Сот Кеңесі Жоғарғы Сот Төрағасының, судьясының бос лауазымдарына кандидаттарды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына ұсыну үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыным жасайды.»;

13) мынадай мазмұндағы 30-1-баппен толықтырылсын:  
«30-1-бап. Судьяның кәсіби қызметін бағалау

1. Судьяның кәсіби қызметін бағалау деп оның кәсіби білімінің деңгейін және оларды әділ сот ісін жүзеге асыру кезінде қолдана білуін, сот қызметінің нәтижелерін, судьялардың адамгершілік, іскерлік қасиеттерін және оның осы Конституциялық заңда және Сот этикасының кодексінде қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау танылады.

Судьяның кәсіби қызметін бағалау судья корпусының сапалық құрамын жақсарту, кәсіби біліктілігінің өсуін бағалау және ынталандыру, істерді қарau кезінде заңдылықты нығайтуға жапуапкершілікті арттыру, азаматтардың құқықтары мен қоғамның мұдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі.

Судьяның кәсіби қызметін бағалау алғаш рет судья лауазымындағы жұмыстың бір жылдағы нәтижелері бойынша жүргізіледі. Кейіннен судьяның кәсіби қызметін бағалау әрбір бес жыл сайын, сондай-ақ жоғары сатыдағы судьяның, сот төрағасының, сот алқасы төрағасының лауазымына конкурсқа қатысу кезінде жүргізіледі.

Кәсіптік қызметті кезеңдік бағалаудан жиырма бес және одан да көп жыл судьялар өтілі бар судьялар босатылады.

2. Бір жылдық мерзім өткеннен кейін судья жұмысының нәтижелері Сот жюриінің біліктілік комиссиясының отырысында қаралады және оны Жоғары Сот Кеңесі бекітеді

Судья жұмысының нәтижелері мынадай өлшемшарттардың:

1) сот төрелігін іске асыру сапасының көрсеткіштері;

2) судья этикасы нормалары мен еңбек тәртібін сақтау негізінде қаралады.

3. Судьяның кәсіптік қызметін бағалауды Сот жюриінің біліктілік комиссиясы жүзеге асырады.

4. Полиграфологиялық зерттеуден өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды . » ;

1 4 ) 3 1 - б а п :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Аудандық соттың судьясы лауазымына алғаш рет ұсынылған адамдар судья лауазымына тағайындалар алдында Жоғарғы Сот ұйымдастыратын курсардан өтеді.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген курсардан өтпеу тиісті ұсынымның күшін жоюға және судьяны тағайындаудан бас тартуға негіз болып табылады»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жергілікті және басқа соттардың төрағаларын Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға бес жыл мерзімге тағайындауды.

Аудандық соттардың төрағалары, облыстық соттардың төрағалары мен сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Сот алқаларының төрағалары тиісті сотта өздері атқарып отырған лауазымға қатарынан екі жылдан артық тағайындала алмайды.»;

15) 33-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) осы Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағының 11) және 11-1) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судьяның өкілеттіктерін тоқтату қажеттігі туралы Сот жюриінің шешімі болса;»;

16 ) 34 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

5) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) осы судьяға қатысты айыптау үкімінің заңды күшіне енуі, ақталмайтын негіздер бойынша сотқа дейінгі сатыда қылмыстық істің тоқтатылуы;»;

«11) судьяның кәсіби жарамсыздығына орай атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы Сот жюриінің біліктілік комиссиясының шешімі;»;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) судьяның тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін немесе осы Конституциялық заңның 28-бабында көрсетілген талаптарды орындағаны үшін оны лауазымынан босату қажеттігі туралы Сот жюриінің тәртіптік комиссиясының шешімі;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Судьялардың өкілеттіктерін тоқтатудың осы баптың 1-тармағының 5), 11) және 11-1) тармақшаларында көзделген негіздері теріс себептер болып табылады.»;

17) 34-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«34-1-бап. Судья лауазымында болудың шекті жасы

1. Жоғарғы Соттың судьялары мен алқаларының төрағалары, жергілікті соттардың төрағалары мен алқаларының төрағалары және судьялары өз өкілеттіктерін шекті жасқа – 70 жасқа толғанға дейін жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған судьялардың өкілеттіктері шекті жасқа толғанға дейін, олардың келісімі болған кезде, тоқтатуы

мұмкін.»;

18 ) 35 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мінсіз беделі, кемінде жиырма бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар судьяның судья атағын, судьялар қоғамдастығына тиесілігін, жеке басына тиіспеушілік кепілдігін және осы Конституциялық заңда көзделген өзге де материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін сақтай отырып, лауазымынан құрметпен кету нысанында өкілеттіктер тоқтатуы отставка болып табылады.

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Судья отставкаға кетер кезде оған жиырма төрт айлық лауазымдық айлықақы мөлшерінде біржолғы шығу жәрдемақысы төленеді.»;

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«6. Отставкада жүрген және судья лауазымында болудың шекті жасына толмаған судьялар, олардың келісімі болған кезде, судьяның уақытша болмауы кезеңінде, бірақ

алты айдан аспайтын мерзімге сот төрелігін іске асыруға тартылуы мүмкін.

7. Отставкадағы судьяны сот төрелігін іске асыруға тарту туралы шешімді Жоғарғы Соттың Төрағасы қабылдайды.»;

19) 36 және 38-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын: «36-бап. Жоғары Сот Кеңесі

1. Жоғары Сот Кеңесі Кеңестің Төрағасынан және басқа да мүшелерінен тұрады.

Кеңестің төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындалады.

Кеңестің құрамына лауазымы бойынша Жоғарғы Соттың Төрағасы, Бас Прокурор, Әділет министрі, мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі органның басшысы, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің тиісті бейінді комитеттерінің төағалары кіреді.

Кеңес мүшелерінің жартысы Жоғарғы Соттың жалпы отырысында судьялардың, отставкадағы судьялардың арасынан сайланады.

Кеңестің құрамына Қазақстан Республикасының Президенті, сондай-ақ басқа да мүшелер, оның ішінде заңгер ғалымдар, адвокаттар, шетелдік сарапшылар, сот бірлестіктерінің төрағалары тағайындалуы мүмкін.

2. Жоғары Сот Кеңесінің дауыс беру құқығы жоқ және лауазымы бойынша Жоғарғы Сот Кеңесі аппаратының басшысы болып табылатын хатшысы болады.

3. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі мен жұмысын ұйымдастыру занда айқындалады.

» ;

«38-1-бап. Сот жюри

1. Жұмыс істеп жүрген судьяның кәсіптік қызметін бағалау, судьяның отставкаға кету және оны тоқтату құқығын растау, сондай-ақ судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізуі, тәртіптік істерді қозғау туралы мәселені қарау үшін Сот жюри құрылады.

Сот жюри біліктілік және тәртіптік комиссиялардан тұрады.

Біліктілік комиссиясы жеті мүшеден – облыстық соттардың екі судьясынан, Жоғарғы Соттың екі судьясынан және отставкадағы үш судьядан тұрады.

Тәртіптік комиссия тоғыз мүшеден – аудандық соттардың үш судьясынан, облыстық соттардың үш судьясынан және Жоғарғы Соттың үш судьясынан тұрады.

2. Жоғарғы Соттың, облыстық және оған теңестірілген соттың жалпы отырысы төралқасының шешімі, сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген соттардың басшылары тиісті шаралар қолданбаған судьялардың әрекеттеріне азаматтардың расталған шағымдары судьяға қатысты материалдарды Сот жюринің тәртіптік комиссиясының қарауы үшін негіз болып табылады.

Сот жюри мен оның комиссияларын қалыптастыру тәртібі және оның жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ Сот жюриінде материалдарды, тәртіптік істерді қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережеде айқындалады.»;

20) мынадай мазмұндағы 38-2-баппен толықтырылсын: «38-2-бап. Жоғарғы Соттың жоғары оқу орны

Жоғарғы Соттың жоғары оқу орны – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын, сот жүйесі кадрларын қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және ғылыми қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме.

Жоғарғы Сот оны жалпы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.

Жоғарғы Соттың жоғары оқу орнының құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Президентінің атынан мемлекет болып табылады.

Жоғарғы Соттың жоғары оқу орнының мәртебесі мен жұмысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.»;

21) 39-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Судья тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Нәтижесінде осы Конституциялық заңның және (немесе) Сот әдебі кодексінің ережелері бұзылған, сот билігі беделіне нұқсан және судьяның беделіне нұқсан келтіруге әкеп соққан қызметтік міндеттерін атқару не қызметтен тыс қызмет кезінде кінәлі әрекет (әрекетсіздік) тәртіптік теріс қылық болып табылады.

Сүдья:

- 1) сот істерін қарау кезінде зандылықты өрескел бұзғаны үшін;
- 2) судья әдебіне қайши келетін теріс қылық жасағаны үшін;

3) енбек тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.»;

«3. Судьялық қате, сондай-ақ сот актісінің күшін жою немесе оны өзгерту, егер бұл ретте жоғары тұрган сот сатысының сот актісінде көрсетілген занды өрескел бұзуға жол берілмеген болса, судьялардың жауаптылығына әкеп соқпайды.

Судьяның кінәлі әрекеттеріне байланысты емес материалдық немесе процестік құқық нормаларын дұрыс түсіндірмеуге және қолданбауға әкелген әрекет судьялық қате

болып табылады.»;

22) 42-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізу жеке тұлғалардың өтініші бойынша тәртіптік іс жүргізуді қозғауды қоспағанда, қызметтік тексеру мен судьяның дәлелді себептермен жұмыста болмаған уақытын есепке алмағанда, теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей және теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қозғалуы мүмкін.»;

мынадай редакциядағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке тұлғалардың өтініші бойынша судьяға қатысты тәртіптік іс жүргізу қызметтік тексеру мен судьяның дәлелді себептермен жұмыста болмаған уақытын есепке алмағанда, өтініш түскен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей қозғалуы мүмкін.»;

23) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

## «44-бап. Сот жюриінің шешімдері

1. Сот жюриінің біліктілік комиссиясы жұмыс істеп жүрген судьялардың біліктілігін бағалау туралы материалдарды қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) атқаратын лауазымына сәйкестігін тану;

2) жоғары тұрған сатыдағы судья лауазымына тағайындау үшін ұсыну;

3) жоғары тұрған лауазымға (жоғары тұрған сот сатысына) кадр резервіне есепке алу үшін ұсыну;

4) басқа сотқа, басқа мамандыққа ауыстыру үшін ұсыну;

5) кәсіби жарамсыздығына орай атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейтіні туралы шешімдердің бірін шығарады.

Осы баптың 1-тармағының 2)-4) тармақшаларында көзделген біліктілік комиссиясының шешімдері ұсынымдық сипатқа ие.

2. Кәсіби жарамсыздығына орай атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейді деп тану туралы шешім судьялардың кәсіби қызметін мерзімді бағалау кезінде теріс нәтиже алған судьяларға қатысты қолданылмайды.

Бұл жағдайда Сот жюри судьяның біліктілігін арттыру және бір жыл өткен соң кәсіби қызметті қайтадан бағалауды жүргізу туралы шешім шығарады.

Судьялардың кәсіби қызметін қайталама мерзімді бағалаудың теріс нәтижелері болған жағдайда Сот жюри судьяны кәсіби жарамсыздығына орай атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейді деп тану туралы шешім шығарады.

Лауазымға тағайындаған күннен бастап бір жылдың қорытындылары бойынша судьяның кәсіби қызметін қанағаттанарлықсыз бағалау туралы біліктілік комиссиясының шешімі Жоғарғы Сот Төрағасының оны судья лауазымынан бостау туралы ұсынуды Жоғары Сот Кеңесіне енгізуіне негіз болып табылады.

3. Сот жюриінің Тәртіптік комиссиясы тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы материалды қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;

2) тәртіптік іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы шешімдердің бірін шығарады.

Тәртіптік істі қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) осы Конституциялық заңның 40-бабының 1-тармағында көзделген тәртіптік жаза қолдану туралы;

2) тәртіптік іс жүргізуді тоқтату туралы шешімдердің бірін шығарылады.

Сот жюриінің Тәртіптік комиссиясы судьяның отставкаға құқығын растау туралы өтініші бойынша материалды, сондай-ақ отставканы тоқтату туралы материалды қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) судьяның отставкаға құқығын растау туралы;

2) судьяның отставкаға құқығын растаудан бас тарту туралы;

3) судьяның отставкасын тоқтату туралы;

4) судьяның отставкасын тоқтатудан бас тарту туралы шешімдердің бірін шығарады

4. Сот жюриі комиссиясының шешімі Жоғары Сот Төрағасының судьяны жоғары тұрған сот сатысына, басқа сотқа тағайындау туралы, сондай-ақ төрағаны, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымнан босату туралы тиісті ұсынуды Жоғары Сот Кеңесіне енгізуіне негіз болып табылады.

5. Сот жюриі комиссиясының шешіміне судья Жоғары Сот Кеңесіне шағым жасай алады .

6. Жоғары Сот Кеңесінің судьяны жоғары тұрған сот сатысына, басқа сотқа тағайындауға, төрағаны, сот алқасының төрағасын және судьяны лауазымнан босатуға ұсыным беруден бас тартуы не Жоғары Сот Кеңесінің судьяға қандай да бір тәртіптік жаза қолданудың негіzsіздігі туралы шешімі Сот жюриінің тиісті алқалары шығарған шешімнің күшін жоюға және оны қайта қарауға негіз болып табылады.».

**2-бап.** Осы Конституциялық заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК